

Дербісалы батырдың туғанына - 300 жыл

АРДАҚАРА

«Ер қанаты - ат» деген есті сөзді көшпелі елдің көшелі жұрты айтқан. Аттың жалы, атанның қомында жүріп күн кешкен батыр бабаларымыз қылқұйрықтың қадірін ерте түсінген. Жаугершілік заманда батырлар тақымына текті тұлпарларды ғана таңдаған. Қуса - жететін, қашса - құтылатын әрі жүйрік, әрі белді тұлпарлар батырлардың жорыққа мінетін аты ғана емес, серігі, қанаты да болған. Қазақ батырларының жаугершілік заманда тақымына басқан дүлдұл тұлпарлары ел есінде аңызға айналып сақталған. Қазақтың эпостық жырларында кездесетін Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың Қара қасқасы, Алпамыстың Байшұбары сынды қанатты тұлпарлар Қамбар атаның қасиетін тани білген халықтың жадында ертеден сақталған.

Биыл 300 жылдық торқалы тойы аталып өткелі отырған Дербісалы батырдың жорыққа мінген тұлпарының бірі - Ардақара. Көкқасқа тұлпарының сағағына жау садағының жебесі тиіп, аты сүрінген батыр жау қоршауында қалып қойғанда інісі Шәндіген батыр қоршауды бұзып, Дебекеңді алып шығады. Батырдың Көкқасқасы мерт болғаннан кейінгі тақымына басқан тұлпары осы Ардақара болған. Ардақара сол кезде 9 жасар ат екен. Дебекең осы тұлпарды жиырма жылдай жорыққа мініпті.

Ардақара әбден қартайып, жылқыға ілесе алмай қалады. Жылқышылар «бауыздап кетуге сізден бата алмадық, не істейміз?» деп, батырға кісі жібереді. Дебекең сонда: «7-8 жігіт ұшқыр атқа мініп, қолдарына сойыл



алып ұрандап, Ардақара жатқан тұстан шауып өтсін. Мен білетін Ардақара болса бір қайрат көрсетер» депті.

Жылқышылар батырдың айтқанын істеп, айқай-сүрең салып, тұра алмай жатқан атқа қарай шапқанда Ардақара орнынан атып тұрып, сілкініп, құлағын қайшылап, құйрығын тігіп, бір арқырай кісінеп алып, ауылға қарай шапқан екен. Сол бетімен батырдың ауылына жетіп жығылыпты. Алыстан бақылап тұрған Дебекең Ардақара жығылғанда: «Ер арыса - әруақ, ат арыса - тулақ» деген - деп, көзіне жас алыпты. Сонда ауылдың өзі тұстас ақсақалдары: «Балаңыз Марқабай, ініңіз

Шәндіген қаза болғанда мұндай реніш көрмеп едік, мұныыз қалай, батыр? Ардақара өлсе, сонымен парлар Ақиек бар емес пе!» деп басу айтыпты. Сонда Дебекең: «Қазақ-қалмақ соғысының Ардақара екеуімізсіз өткені жоқ. Соның бәрінде талай рет жау қоршауынан мені осы Ардақара аман алып шығып еді» деп, атты бауыздатып, денесін көмдіріп, басын былғарыға оратып, сақтаған екен.

Батыр бабамыздың ерлігін еселеген тұлпарына көрсеткен бұл құрметінің артында терең тәрбиелік мән жатқандай. Қазақ елінің іргелі мемлекет болып қалыптасуына, туған жерді қорғауға үлкен үлес қосқан Дербісалы батырдың жорыққа мінген тұлпары Ардақара жайлы осындай аңыз қалған. Қылқұйрықтың қадір-қасиетін ерте таныған еліміз «Ер қанаты - ат» деп тегін айтпаған-ау.

**Социал ЖАҚСЫБЕКҰЛЫ,
зейнеткер.
Ақсу-Аюлы селосы.**

